

Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес жүргізілген зерделеу жұмысының қорытындысы жайлы

### Анықтама

2024-2025 оқу жылының 29 қазан күні «Орыс тілі мен әдебиет» пән бірлестігі мұғалімдерінің I тоқсандағы жиынтық бақылау жұмыстарының кестеге сай алынуы, дұрыс тексерілуі мен жинақталуы зерделенді.

Зерделеу мақсаты: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес «Орыс тілі мен әдебиет» пән бірлестігі мұғалімдерінің I тоқсандағы жиынтық бақылау жұмыстарының кестеге сай алынуы, дұрыс тексерілуі мен жинақталуын зерделеу.

Зерделеу жұмысын «Орыс тілі мен әдебиет» пән бірлестігінің жетекшісі А.Умарова жүргізді.

Зерделеу барысында 11 пән мұғалімінің 11 -нің жұмысы қаралды. Орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Сейпулова, жоғарғы санатты, педагог – зерттеуші. Сабақ беретін сыныптары : 6 Ә. БЖБ мен ТЖБ жұмыстары кестеге сай алынған және оқушы жұмысы толық өз дәрежесінде тексерілген. Оқушы жұмысын тексеру барысында жекелеген тапсырмалараға қойылатын ұпайлар саны нақты көрсетілген, ЖБ критерийі мен бағалау кестесіне сәйкес қойылған.

Темиржанова П. – орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы. Сабақ беретін сыныптары 9А, 9Б, 9В, 11А, 11Б, 11В. БЖБ мен ТЖБ жұмыстары кестеге сай алынған және оқушы жұмысы тексерілген. Оқушы жұмысын тексеру барысында жекелеген тапсырмалараға қойылатын ұпайлар саны нақты көрсетілген. БЖБ мен ТЖБ талдау кестесі талапқа сай толтырылған. Жұмыстар бағалау критерийін басшылыққа ала отырып, ұпай саны толық, нақты қойылған.

Ален Ш. - орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, педагог-модератор. Сабақ беретін сыныптары бойынша БЖБ мен ТЖБ жұмыстары кестеге сәйкес алынған, сыныптағы оқушылардың бақылау жұмыстары талапқа сай тексеріліп, толық ұпайлары критерий бойынша қойылған.

#### Ұсыныс:

1. Оқушы жұмысын тексеру барысында оқушының алған балдарын ЖБ критерийіне сәйкес нақтылап көрсету.
2. Оқушының жұмысына пікір жазу.

30.10.2024 ж

Бірлестік жетекшісі:  А.Г.Умарова